

9 сынып 4 - тоқсандық жиынтықбағалаутапсырмалары

1. Жүктілік кезіндегі анасының темекі шегуі балаға қалай әсер етуі мүмкін?

- A. Ақыл есінің кем болуы
- B. Сәбидің салмағының аз болуы
- C. Мінез құлқының дұрыс дамымауы
- D. Уақытынан бұрын тууы

[1]


2. Критерийлер бойынша менструация циклінің фазаларын «+»және «-» белгілері арқылы белгілеңіз [4]

Сипаттау критерийлері	Менструация циклінің фазалары			
	1-фаза	2-фаза	3-фаза	4-фаза
A. Овуляциядан кейінгі кезең				
B. Овуляция				
C. Овуляция алдындағы немесе фолликулдық				
D. Эндометриялық бөліну				

3. Әйел адамдарда пайда болатын екінші реттік жыныс белгілері қандай? [1]

4. Ер адамдарда пайда болатын екінші реттік жыныс белгілері қандай? [1]

5. Төмендегі суретте жыныс мүшесі берілген [2]



(а) А және В әріптерімен белгіленген құрылымдарды атаңыз.

A _____

B _____

6. Бос орынға қажетті сөздерді қойыңыз.

- a. Эмбриогенездің негізгі _____ даму сатылары бар.
- b. Бөлшектену кезінде пайда болған жасушаларды _____ деп атайды.
- c. _____ бұл эмбриональді жасушалардың қозғалу процесі жүретін саты.
- d. Жүйке түтігінің түзілу сатысын _____ дейді.

7. Кестені толтырындар

P/c	Тіршіліктің қалыптасу кезеңдері	Тіршіліктің қалыптасу кезеңдерінің сипаттамасы
1		Алғашқы прокариоттардың пайда болуы (біржасушалы прокариоттар)
2		Көп жасушылы эукариоттар-омыртқасыздар мен балдырлар пайда болды. (бактериялар, балдырлар, жануарлар патшалығында омыртқасыздардың барлық типтері)
3		Жоғары сатыдағы өсімдіктер пайда болды.(мүктер, қырықбуындар, плаундар, қырықжапырақтар, ашықтұқымдылар)
4		Омырқалылар класының соңғы өкілдері: құстар, сүтқоректілер, ал өсімдіктерден жабықтұқымдылар (гүлді өсімдіктер)
5		Тіршілік заманауи түрге ие болып, адамның пайда болуымен аяқталды.

8(a)Прогестерон гормонының қызметін сипаттаңыз [1]

(б) Тестостерон гормонының қызметін сипаттаңыз. [1]

9. Контрацепция ұғымына анықтама беріңіз. [1]

10. Жыныстық жолмен таралатын аурулардың екі салдарын жазыңыз. [1]

11. Бос орынға морфологиялық түр атауларын жазыңыз. [4]

1... – Сыртқы және ішкі құрлысындағы ұқсастық

2...- биохимиялық талдауларды қолдануға және физиологиялық параметрлерді салыстыруға негізделген.

3... –хромосома өлшемі, саны мен пішіні, еркін шағылысуы және өсімтал ұрпақ беруі.

4...- түрдің таралу аймағын, ағзалардың осы түріне қажет табиғи жағыдай кешенін құрастырады.

Керекті сөздер: экологиялық, физиологиялық, генетикалық, морфологиялық

12. Төменде берілген тұжырымдамалардың «шындық» не «жалған» екенін анықта, «+», «-» белгілерін қой [1]

	Тұжырымдама	Ш	Ж
1	Ж.Б.Ламарк қосарлы атау тізімді ғылымға енгізді		
2	Ж.Б.Ламарк ең алғаш барлық жануарларды омыртқалыларға және омыртқасыздарға бөлді		
3 3	К.Линней түр ұғымын ең кішкене жүйелеу өлшем бірлік ретінде анықтады		
4	Ч.Дарвин өз теориясының негіздерін «Түрлердің табиғи сұрыптау жолымен шығу тегі» (1859ж) еңбегінде баяндады		
5	Ламарк жаралым деңгейінің біртіндеп жоғарылауын, тірі ағзалардың күрделене түсуін деградация деп атады		

13. Түрдің түзілу механизмдері мен сипаттамалары арасындағы сәйкестікті анықтаңыз. Жауабыңды төмендегі жауап кестесіне толтырыңыз. [2]

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ	А	Түрдің таралу ареалының кеңеюі
	В	Түрдің таралу ареалының өзгеріссіз қалуы
ГЕОГРАФИЯЛЫҚ	С	Алабұғалар популяциясында уылдырық шашу мерзімі өзгеше даралардың болуы
	Д	Ареалдағы жаңадан мекен ету ортасының пайда болуы
	Е	Солтүстік және Балтық теңіздерінде шағалалардың екі түрінің пайда болуы

Жауап

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ: _____

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ: _____